



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№10 (180), ҚАРАША, 2024



МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ІРІ МҰНАЙ КОМПАНИЯЛАРЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУҒА КЕЛІСТІ

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай ірі мұнай компанияларымен жергілікті тауар өндірушілерді қолдау бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Келісімшарт Маңғыстауда өндірілетін мал шаруашылығы, көкөністер өсіру ісін дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізуді көздейді. Мақсат – жергілікті тауар өндірушілерді қолдау және дайын ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуге көмектесу.

Жергілікті тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған құжатты екінші жақтан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы Өкілдігінің директоры Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Мұрат Мұстафаев және «Қаражан-басмұнай» АҚ бас директорының орынбасары Ринат Қаражанов бекітті. Үш компанияда жұмыс істейтін 37 мыңнан аса адам алдағы уақытта Маңғыстауда өндірілетін мал шаруашылығы өнімдері мен көкөністерді жергілікті шаруалардан сатып алатын болады.

«Ірі компанияларды өңіріміздің дамуына, өркендеп, өсуіне ықпал етуге шақырамын. Отандық өнімді сатып алу үшін ереже өзгерту қажет болса өзгертейік. Келісім екі жаққа да тиімді болады деп сенемін. Біздің тауар өндірушілер үшін тұрақты түрде өнімдерін өткізіп отыру өте маңызды, ал компания қызметкерлеріне сапалы жергілікті өнім қолжетімді болады», - деді облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай.

Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ МАҚСАТ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында еңбек қауіпсіздігі мәселесі басым бағытқа ие екені баршаға белгілі. Компаниямызда мұнайшылардың амандығы мен денсаулығын сақтау үшін атқарылып жатқан шаралар көп-ақ, солардың бірі – қызметкерлердің осы бағыттағы білімдерін ұштап, сауаттылығын көтеру.



Компаниямыздың Персоналды басқару және еңбек ақы төлеу департаментінің білім бөлімі мен кәсіподақ комитеті 30-шы қазан мен 1-ші қараша аралығында Еңбек қауіпсіздігі бойынша техникалық инспекторларды дайындау мақсатында «Қауіпсіздік мәдениеті. Медиация. Еңбек заңнамасы» тақырыбында семинар ұйымдастырды.

«Holiday Inn Aktau-Seaside» қонақ үйінің мәжіліс залында өткен бұл семинарда компания қызметкерлері «Алтай» университетінің доценті Бақыт Дәулетханқызы Жұмақаева және Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша Нұрғали Сүлейменов сияқты тәжірибелі ұстаздардан дәріс алды. Семинарға қатысушылар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт-техникалық минимум, жұмыс қауіпсіздігін талдау, тұйық кеңістіктерге қол жеткізу, биіктікте жұмыс жасау және т.б. мәселелер бойынша білімдерін жетілдіріп, дауларды тиімді шешу құралдары, серіктестермен келіссөздер жүргізу, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, еңбек дауларын қарайтын органдар туралы құнды мәліметтер алды.

Сонымен қатар семинар барысында Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаменті Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің басшысы Марат Шамұлы Яшев пен «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы кәсіподақ коми-

тетінің төрағасы Әсет Сергейұлы Кенжеш семинарға қатысушы әріптестерімен кездесу өткізді. Кездесуде компаниядағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелерінің бүгінгі таңдағы жағдайы туралы кеңінен әңгіме қозғалды. Семинарға қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға Марат Шамұлы мен Әсет Сергейұлы егжей-тегжейлі жауаптарын берді. Кездесу соңында Еңбек қауіпсіздігі бойынша техникалық инспекторларға өндірісте қауіпті жағдайды немесе іс-қимылдарды байқаған кезде жұмысты тоқтатуға толық құқық беретін Стоп-карталар салтанатты түрде табысталды.

Біздер де өз тарапымыздан осынау маңызды семинардан дәріс алып, өндірісте еңбек қауіпсіздігін талап ету құқығының иесі болған әріптестеріміздің жұмыстарына сәттілік, еңбектеріне толағай табыс, отбасыларына бақ-береке тілейміз.



АЛЫПТЫҚТАРДЫҢ АЛҚАЛЫ ЖИЫНЫ



4 қарашада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның жеті жас маманы үшін маңызды іс-шарамен басталды. Олар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұйымдастырған «Алып 2024-2025» жетілдіру көшбасшыларын дайындау бағдарламасының алғашқы форумына қатысты. Шараға «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының басшылары мен 160-тан астам қатысушы жиналды.

Форумды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Б.К. Абайылданов ашып, қатысушыларды құттықтап, жастардың кәсіби дамуына бағытталған бастамалардың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Бұл форум барысында Дидар Мақтай, Ермек Көптлеев, Мақсат Қадралин секілді спикерлер өзгерістерді басқару, ысырапсыз өндірістің тарихы, құндылық пен ысырап, өндірістік мәдениет тақырыптарын талқылады. Дәрістер жастардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға зор ықпал етті.

Келесі жылы әр компаниядан келген үміткерлер үш модуль бойынша білімдерін жетілдіріп, жаңа дағдыларды меңгереді. Алыптықтарға жаңа мүмкіндіктер мен кәсіби дамуға жол ашатын бағдарламадан барынша білім алып, тәжірибе жинап келулеріне тілектеспіз!

КОМПЛАЕНС: ЭТО ВАЖНО ЗНАТЬ!

С 26 сентября по 29 октября 2024 года на производственных объектах АО «Мангистаумунайгаз» работники Службы комплаенс провели разъяснительные работы об основных принципах и задачах Службы: для чего она была создана и кому подчинена, куда работникам АО «Мангистаумунайгаз» и подрядных организаций необходимо обращаться в случае обнаружения признаков коррупционных действий.

В частности, нефтяникам рассказали о том, что ранее на законодательном уровне принято требование к квазигосударственным компаниям о наличии в их структуре подразделения, исполняющего функции антикоррупционного комплаенса.

В связи с этим, в целях профилактики коррупционных правонарушений и выявления коррупционных рисков в деятельности Общества, решением Совета директоров АО «Мангистаумунайгаз» в 2023 году была образована Служба комплаенс, которая подотчетна непосредственно Совету директоров компании.

Также работникам напомнили, что в компании функционирует Горячая

линия АО ФНБ «Самрук Казына», куда можно обратиться для передачи информации о случаях взяточничества, мошенничества, злоупотреблениях и иных неправомерных действиях.

Служба комплаенс АО «Мангистаумунайгаз» призывает всех работников сообщать по телефонам Горячей линии «Самрук Казына» о любых фактах коррупции, дискриминации, неэтичного поведения и иных аналогичных нарушениях, со своей стороны, компания гарантирует рассмотрение ваших обращений и соблюдение конфиденциальности.

**Служба Комплаенс
АО «Мангистаумунайгаз»**

Горячая линия АО ФНБ «Самрук Казына»

**ОБРАЩЕНИЯ МОГУТ ПРЕДОСТАВЛЯТЬСЯ ВСЕМИ ЛИЦАМИ
НА КАЗАХСКОМ, РУССКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ
ПОСРЕДСТВОМ СЛЕДУЮЩИХ КАНАЛОВ СВЯЗИ:**

по телефонному номеру 8 800 080 4747
(Звонок на территории РК бесплатный)

на электронную почту: mail@sk-hotline.kz

через интернет-портал: www.sk-hotline.kz

через WhatsApp Мессенджер с номером + 771 191 88 16



САЛТАНАТЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНГЕН ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

24 қазан күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының еңбек ұжымы Қазақстан Республикасы күнін ерекше салтанатпен атап өтті.

Ұлттық мәртебедегі Ұлық мерекеге қызметкерлер компаниямызда қалыптасқан дәстүр бойынша ұлттық киіммен келді. Себебі Қазақстан Республикасы Күніне байланысты 24 қазан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында «Ұлттық Киім Күні» болып жарияланды. Ұлттық киім – ұлт ажары. Ұлттық киім күні – бұл сәнді ұлттық киімдеріміз арқылы ата-бабадан мирас болған, тәуелсіздікпен қайта түлеген дәстүрімізді, ұлттық мінез бен болмысымызды дәріптеу. Көзделген мақсат – мерекенің айбынын, ел мәдениеті мен

тарихымыздың мәртебесін көтеру.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас офисінің акті залында өткен Республика күніне арналған салтанатты шара Еліміздің Әнұранын орындаумен ашылды.

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Вэнь Цзяцзюнь, бас директордың әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Нұрпейіс Сәрсенбай және "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы



қоғамдық бірлестігінің" төрағасы Мәди Кентановтар салтанатты жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтап еңбек озаттарын құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапаттады. Сонымен қатар салтанатты шарада компаниямыздың ардақты зейнеткерлері Көбеген Оразбайұлы Ақниязовқа және Нұржан Жумағалиұлы Исабайға ведомстволық марапат - «Еңбек ардагері» медальдері табысталды.

Мерекелік шара әсем концертпен жалғасты. Сахнада республикалық және халықаралық байқаулар мен фестивальдердің жеңімпазы, әлем сахналарында қазақтың әнін әуелетіп жүрген Бердібек Құлғараев және Маңғыстау облыстық Мұрат Өскінбаев атындағы филармониясының әншілері мен компаниямыздың көркем өнер-

паздары өнерлерін көрсетіп көрермендердің ыстық ықыластары мен қошеметтеріне бөленді.

Айта кету керек, мереке күні тағы бір қуанышты жаңалықтың куәсі болды, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының еңбек ардагерлері Қосай Түркпенбайұлы Жұбаниязов пен Геннадий Джафарович Хайретдинов облыс орталығындағы «Достық үйінде» өткен Республика күніне арналған салтанатты жиында Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбайдың қолынан Мемлекеттік награда - «Құрмет» орденін алды.

Ағаларымызды өресі биік марапаттарымен шын жүректен құттықтай отырып елімізге, өңірімізге өсу өркендеу, әр шаңыраққа бақатты өмір, барша әріптестерімізге берекелі ғұмыр тілейміз.



ЖОЛЫҒЫЗ АШЫҚ БОЛСЫН, ЖАЙНАҒАН

18 қазанда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ көлік департаменті ұжымы құрылымдық бөлімшенің құрылғанына 60 жыл толуын атап өтті. Сонау 1964 жылы Батыс Қазақстан экономикалық ауданы Халық шаруашылығы Кеңесінің №150 қаулысына сәйкес «Маңғышлакнефть» бірлестігінің құрамында автокөлік кеңсесі құрылған еді. Салтанатты іс-шараға сала ардагерлері, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және сервистік компаниялардың басшылары, көлік департаменті мен басқа да құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері қатысты.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы көлік департаментінің еңбек ұжымын мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтап, еңбегі елеулі қызметкерлерге мерейтойлық медальдар мен алғыс хаттар табыстады. Сондай-ақ, мерейтой иелерін автокөлік саласының ардагерлері, «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігінің басшылығы, сервистік компаниялардың өкілдері құттықтап, оларға ерен еңбектері үшін алғыс айтты.

Шара соңы Маңғыстау облыстық филармониясы өнерпаздарының мерекелік ән-шашуына ұласты.

Елмен елді жалғастырып, алысты жақын етіп, берекелі бірлікке ұластырып отырған көлік саласының біздің компания үшін маңызы аса зор. Осы салада аянбай тер төгіп, тағдырын тас жолмен байланыстырған мамандардың арқасында өндіріс өркендеп, мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысы жанданып, қоғамның құрылымдық бөлімшелері арасындағы байланыс жүзеге асып отыр.

Құрметті әріптестер, сіздерге табанды ерік-жігер, қауіпсіз және кедергісіз жолдар, жол сапарда бір-біріңізге деген құрмет, мықты денсаулық, отбасылық жылулық тілейміз!



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



ҚАЛАМҚАС МҰНАЙШЫЛАРЫ АҚЫНМЕН КЕЗДЕСТІ

19-шы қазан күні Қаламқас кенорнында Қаламқас мұнайының 45 жылдығына және Кәсіподақтар күні мерекесіне орай, өндіріс жастарының бастамасымен ұйымдастырылған, Қазақстанның танымал ақыны, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның «Жазушылар және журналистер Одағы» мүшесі, Бейнеу ауданының құрметті азаматы Рахат Құсайынұлы Қосбармақпен «Маңғыстау – майлы қиян, кең түбегім, Сен десе семсер-жырмен серпілемін» атты әдеби-танымдық және рухани кеш өткізілді.



Кездесуде ақиық ақынымыз қазіргі қоғамдағы әлеуметтік дертке айналған бірқатар келеңсіз жайттарды тілге тиек етіп, отбасы құндылығы, ұлттық тәлім-тәрбие жайында ой қозғады, өз кеңестерін ортаға салды. Рахат Қосбармақтың екі жол өлеңін тақырып етіп алынған аталмыш кеш мұнайшыларға үлкен әсер қалдырды, көрермендерден сұрақтар да аз болған жоқ.

Шығармашылық кештің соңында Қаламқас кенорнындағы Жас мамандар кеңесінің төрағасы Болатбек Әділов мұнайшылар атынан ризашылығын білдіріп, ақынның шығармашылығына табыс тіледі. Ақынға "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасы тарапынан сый-құрмет көрсетіліп қонақасы берілді.

ЗНАТОКИ ВСТРЕТИЛИСЬ В ЖЕТЫБАЕ

24 октября на месторождении Жетыбай прошла третья игра интеллектуального турнира «MMG QUIZ-2024», приуроченная к национальному празднику – Дню Республики Казахстан. За победу в конкурсе знатоков сразились 12 команд из Каламқаса, Жетыбая и центрального аппарата.

Игра по традиции состояла из семи туров, в каждом из которых участникам предстояло ответить на самые разнообразные вопросы из области истории, спорта, кино, нефтяного дела, музыки и т.д. Кроме того, один из раундов был посвящен вопросам, связанным с историей становления и развития независимого Казахстана. Также стоит отметить, что на этот раз в ходе игры впервые состоялся конкурс капитанов - лидеры команд отвечали на вопросы отдельно от товарищей.

Итак по итогам третьей игры интеллектуального турнира «MMG QUIZ-2024», чемпионом стала команда «8 бит», второе место заняли знатоки «OZIMIZ», замкнула призовую тройку команда «Бұрыншық».

От всей души поздравляем победителей и призеров!

До конца текущего года осталось провести одну игру, по ее итогам станет

№	Команда	1	2	3	4	5	6	7	Жыны/Мгн
1	8 бит	9	5	8	7	6	7	14	56
2	OZIMIZ	9	8	9	4	6	6	14	56
3	Бұрыншық	7	7	8	6	7	8	10	53
4	"Қаламқас-45"	7	7	7	7	7	8	6	49
5	Сливки	5	7	6	5	7	8	5	43
6	BrentS	4	7	5	5	7	7	6	41
7	Команда 158.9	5	6	4	7	6	7	5	40
8	ХоХо	5	5	5	4	6	6	8	39
9	Снабженцы	3	5	6	5	3	7	8	37
10	Сұңқар	3	2	6	4	5	4	8	32
11	Мұнай тамшылары	3	6	7	5	4	4	1	30
12	Каспий	4	4	5	3	6	8	0	30

известен победитель регулярного чемпионата (команда набравшая наибольшее количество баллов по результатам 4 игр). Заключительная четвертая игра станет финальной, в ней также определится победитель и призеры непосредственно Гранд-финала.

Так что скоро нас ждет главная битва умов - кульминация всего сезона!

Готовьтесь!



АБЫРОЙЫ АСҚАҚ АСҚАРБАЙ

Әр адам – өзінше бір әлем. Өмірден орнын тауып, соған қарапайым болмысымен, парасат-пайымымен қызмет ете білудің адами өнегесін танытып келе жатқан ізгілігі мол азамат Асқарбек Жарылғасовтың жеке әлемі де өзіне тән шынайылығымен ерекше.

Жарылғасов Асқарбай – адал еңбегі мен табанды қызметі арқылы ортасына сыйлы еңбек адамы. Ол 1961 жылдың 8 қазанында Маңғыстау өңіріндегі Форт-Шевченко қаласында қарапайым жұмысшы отбасында дүниесігін ашқан. Әке мен ана тәлімінен дарыған еңбекқорлық қасиет оны бүкіл өмір бойы серік етті.

«Біз үйде төртеу едік. Еңбекке ерте бастан баулындық. Ойлап отырсам, бір жағы күнкөріс, бір жағы шыңдалу мектебі болыпты сол кезеңдер...», - дейді балалық шағын еске алған Асекең.

Асқарбай аға 1969 жылы Т.Г. Шевченко атындағы орта мектепке қадам басып, 1979 жылы аталған білім ордасынан түлеп ұшты. Жас жігіт сол жылы-ақ еңбек жолын бастап, 1979-1980 жылдары аудандағы «Маңғышлақ-рыбхолодфлот» мекемесінде қызмет етеді. 1980 жылы ел алдындағы азаматтық борышын өтеп, туған өлкеге қайта оралады. Өзінің алғашқы жұмыс орнына қайта қабылданып, балық тоңазыту



басқармасында машинист қызметін атқара бастады. Біліктілігін ұштап, еңбекқорлығын шыңдай жүріп, ол 6-дәрежелі машинист деңгейіне дейін жетеді.

1997 жылы мекеме жұмысын тоқтатқан соң, Асқарбай Ақтау қаласына қоныс аударып, еңбек жолын «Ақтаукопсауда» мекемесінде жалғастырады. Ол жерде тоңазытқыш агрегатының машинисі болып қызмет етеді. 2002 жылы ол жұмыс орыны да жабылып қалғаннан кейін, Асқарбай халықты жұмыспен қамту орталығына кезекке тұрады. Көп ұзамай «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-ның «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына шақырту алып, ол жерге қабат қысымын ұстау цехінің машинисі болып жұмысқа қабылданады. Мұнда да адал еңбегі мен шеберлігінің арқасында 5-дәрежеге дейін көтеріліп, өндірісте беделді маманға айналды. Еңбегі еленіп, басшылықтан алған төсбелгілері мен алғыс хаттары да жоқ емес.

Өмір өзен тоқтамай ағады. Сол секілді жылдар да сынаптай сырғи береді. Бүгінде Пайғамбар жасына жетіп, құрметті еңбек демалысына қамданған Асқарбай аға жиырма жылдан астам еңбек жолында әріптес болған ұжымға алғысы шексіз. Еткен еңбек пен төккен тер аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере, шөберенің ортасында бақытты ғұмыр кешу жазсын дейміз.



Жасайтұғын жұмысынан жалықпаған

- Кеңес Одағының дәуірінде мектеп қабырғасында мұнайшылармен өткен кездесуден кейін мұнайшы болуды қатты армандадым. Бітіре салысымен 1982 жылы №1 Мұнай және газ өндіру цехына 27-топтық қондырғыға оператордың көмекшісі ретінде жұмысқа қабылданып, кейін оператор болып ауыстым. Сол орнымда тапжылмай еңбек етіп келе жатқаным бақандай қырық екі жыл болған екен. Осы жылдар аралығында Есенғалиева Несібелі апай бастаған талай еңбек адамдарымен жұмыстас болып, мамандығымның қыр-сырын меңгердім. Тұрақтап қалған цехым да, ұжымдастарым да әлі күнге дейін ыстық. Жұмысым өзіме ұнайды, еш уақытта жалыққан емеспін.



«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 Мұнай және газ өндіру цехының 5-дәрежелі операторы Алтынгүл Қартбайқызы Өтебаева еңбек өтілі елеулі жылдарды құрайтын білікті маман. Ерлермен иық тіресе жүріп, Компанияның қарқынды дамуына, межелі жоспардың асыра орындалуына

атсалысып жүрген кен орынның бетке ұстар операторларының бірі Алтынгүл апайдың күнделікті жұмысының бір бөлігі объектілердегі тербелмелі білдектің тоқтап қалмауын қадағалай жүріп, сорғы тығыздамасын соғу, майдың төгілуіне жол бермеу, құбыр қысымын тексеру, ұңғымаларды қабылдау, жердің астына айдайтын судың мөлшерін бақылау мен мұнай өндіруді, тәуліктік мұнай беру нормасын есептейтін автоматты жүйені қарау, сонымен қатар жұмыс барысында тазалықты сақтауды қамтамасыз ету сияқты қыруар жұмысты қамтиды екен. Ер азаматтың немесе әйелдің жұмысы деп бөлмей, күннің ыстық-суығына қарамастан қара жұмысты талғамай атқарып жүрген өндіріс майталмандарының еңбегі ерен ғой, шіркін!

- Өндірісте ауыр-жеңіл жұмыс деп санаспаймыз. Балғаны алып сорғы тығыздамасын соғуға, ысырма сынасының сомынын бұрауға қолымыз да, бойымыз да үйреніп кетті. Ауызбіршілігі жарасқан цехтағы ұжым арасында сыйластық пен татулық басым. Ұзақ жылдар бойы осы кәсіпшілігімен



ауыспай мұнай өнімділігін арттыруға сүбелі үлес қосып келе жатқан еселі еңбегіміздің сыры осында деп білемін. Қазір жұмыс жасаймын деген адамға заманауи тұрғыда барлық жағдай жасалған ғой. Жастар табан тіреп тұрып жұмыс жасауы керек,- дейді кәсіптің қиындығы мен қатар жүретінін тебірене әңгімелеген мұнайшы Алтынгүл.

Таңның атысы, күннің батысы жұмысын жауапкершілікпен атқарып жүрген нәзік жанды Алтынгүл Қартбайқызы өз білгенін жас мамандармен бөлісіп, бірнеше шәкірт тәрбиеледім дейді. Солардың көпшілігі қазіргі таңда мұнай мекемесінің алдыңғы қатарлы инженерлері, цех басшылары деңгейіне дейін көтерілгендігін мақтанышпен айтып, олардың жетістіктеріне риясыз көңілден қуанатындығын, шын тілекші болып жүретіндігін жеткізді.

Мұнайымдық әріптесіміз Алтынгүл Өтебаева бүтін бір әулеттің отанасы,

абыройлы ана. Ұл-қызын қатарынан кем қылмай оқытып, алдын аяқтандырып та үлгерген. Кенжесі 2-курстың студенті. Естелікке толы сайрап жатқан еңбек жолының бір сәтіне де өкінбейді екен ол, себебін жұмысын сүйіп жасайтындығымен түсіндірді. Еңбек майданының ең биік шыңы – жауапкершілік пен тұрақтылық, адалдық пен төзімділік деп санайтын Алтынгүлдің басшылық тарапынан алған марапаттары да жетерлік. Осы кезге дейін өзіне табысталған медальдары мен құрмет грамоталары, алғыс хаттары мен бағалы сыйлықтары мұнайшы қыздың сүбелі еңбегінің еш кетпегендігінің дәлеліндей іспетті.

Артылған сенімге селкеу түсірмей, өндірістік мекеменің асқақтауында қолтаңбасы бар жанкешті еңбек адамына біз де өз тарапымыздан денсаулық пен табыс, отбасына амандық тілейміз!

Абырой мен атақ та, даңқ пен бақ та – еңбекте!

- Еңбек жолым 1993 жылдың ақпанында Қаламқас кен орнындағы Орталық инженерлік-техникалық қызметтен басталған. Кен орындағы қыс келбеті әке-шешемнің ақ жол тілеген бата-тілегін қабыл еткендей, мені романтикалық образда ақ ұлпа қарымен қарсы алды. Өндіріс ошағынан алған ең алғашқы әсерім жолдың ұзақтығын ұмыттырып, дәл осы күйінде жадымда қалып қойды. Осы жылдың көктемінде №3 Мұнай және газ өндіру цехына геолог болып келдім.

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының №3 Мұнай және газ өндіру цехының 1-санатты геологы Алмагүл Әбиқызының еңбек өтілі отыз бір жыл. Алматы қаласындағы В.И. Ленин атындағы политехникалық институтының түлегі Алмагүл әріптесіміз Қазақстан тәуелсіздікке аяқ басқан шақта туған жердің түлеуіне үлес қоспақта болып, өлкеге танымал ірі кәсіпорынға жұмысқа орналасқан. Ұжым басшыларының «Геолог – ол біздің жүрегіміз!» деп ұрандатқан қағида-ұстанымдары жас жұмыскердің жылдар бойы өз ісіне адал әрі асқан

жауапкершілікпен қарауына мұрындық болған көрінеді.

- Ұлы Абайдың «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген жақсы сөзі бар. Адамның тұлға болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты деп жатады. Ата-ананың үкілеген үмітін ақтап, мекеменің мерейін асырып, өмірде қандай да бір жетістікке жеткен болсам, ол әрине тек қана маған емес, барлық жас буынға жол сілтеуші, бағыт-бағдар беруші ұстаздарымның арқасы десем артық емес шығар. Мені еңбекке баулыған Батыр Бектілеуов, Закария Кубышев және Сұлтанғали Айдарбаев сынды



өнімділігіне қажетті іс-шараларды белгілей отырып, нәтижелі жұмысын көру біліктілікті талап етеді. Әр ұңғымадан қазандыққа құйылған мұнай шикізатын тынымсыз атқарған абыройлы еңбектің жемісіне балайды ол.

Сонымен қатар, жұмыскер Алмагүл ұзақ жылдар бойы табанды түрде атқарған жұмысында өз білімі мен тәжірибесін бөлісуден аянбаған басшылық құрамдағы аға буын өкілдері - Тимур Бимағанбетовке, Тарас Халеловке, Амангелді Меңдіғазиевке, Орал Қылышбаевқа, сондай-ақ замандастары - Санат Нұртаевқа, Бердібек Қуатбайға, Сағыныш Тастығараевқа, Нұрғиса Кемелбаевқа, Сисенғазы Жантақбаевқа ықыласқа толы сөздерімен ризашылығын жеткізді.

Іргелі кәсіпшіліктің өркендеуіне, мұнайды игеруге қосқан еңбегіне қарай лайықты марапаттары да жетіп артылатын Алмагүл өте қанағатшыл жан. Бастысы жан-тәнімен атқарған жұмысының бұйырған несібесін ел қатарлы көріп келе жатқаны, еңбегінің еленгені оның мерейін өсіретінін де қуанышпен айтты. Кен орында бес қаруын асынған ақбоз атты Қаламқастай батырдан бойға күш пен рух алып, сүйікті мамандығының тереңіне бойлап жүрген кейіпкеріміздің біз де еңбексүйгіштік, ұйымдастырушылық, қонақжайлық қасиеттерін жадымызға үлгі еттік. Елдің игілігі үшін жұмсалып жатқан күшіңіз сарқылмай, ісіңіздің берекесін көріңіз демекпіз.

Ұжымдағы қарым-қатынастың дұрыс болуын адамгершілік пен сыйластыққа сыйғызған әріптесіміз абырой мен атақ та, даңқ пен бақ та – еңбекте екенін жақсы түсінеді. Жер қойнауынан қара алтынды өндіру мақсатында қазылған әрбір ұңғыманың күнделікті тұрақты жұмысын қадағалап,

Іргелі кәсіпшіліктің өркендеуіне, мұнайды игеруге қосқан еңбегіне қарай лайықты марапаттары да жетіп артылатын Алмагүл өте қанағатшыл жан. Бастысы жан-тәнімен атқарған жұмысының бұйырған несібесін ел қатарлы көріп келе жатқаны, еңбегінің еленгені оның мерейін өсіретінін де қуанышпен айтты. Кен орында бес қаруын асынған ақбоз атты Қаламқастай батырдан бойға күш пен рух алып, сүйікті мамандығының тереңіне бойлап жүрген кейіпкеріміздің біз де еңбексүйгіштік, ұйымдастырушылық, қонақжайлық қасиеттерін жадымызға үлгі еттік. Елдің игілігі үшін жұмсалып жатқан күшіңіз сарқылмай, ісіңіздің берекесін көріңіз демекпіз.

Айсұлу Мұханова
ӨҚД 1-санатты аудармашысы



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЖАС МАМАНДАРҒА ҚОЛДАУ БАР

2024 жылдың 24 қазан күні «Мұнайтелеком» ЖШС мұнай саласындағы жас мамандардың кәсіби дамуына арналған ерекше шара – «Жас мамандар күні» өтті. Бұл іс-шара жас қызметкерлердің кәсіби қабілеттерін жетілдіру, тәжірибелерін арттыру және саладағы үздік тәжірибелерді меңгеру мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шараны компания басшылығы ашып, мекеме жұмысы мен жастар мәселелері жөнінде пікір алмасу өткізілді. Жиын «Көшбасшылық және командадағы тиімді коммуникациялар» тақырыбындағы шеберлік сабағына ұласып, оған еліміздің тұлғалық даму саласының жетекші сарапшысы Қайрат Хасанов шақырылды. Сарапшы көшбасшылықтың заманауи трендтері мен коммуникацияның ерекшеліктері туралы құнды ақпарат беріп, өз тәжірибесімен бөлісті. Жас мамандар шеберлік сабағы барысында командалық жұмыс, шешім қабылдау және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға арналған ситуациялық тапсырмаларды орындауда белсенділік танытты.

Бұл шара «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының жастардың кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлетінін тағы да дәлелдеді. 2014 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Жас мамандар кеңесі көптеген жас қызметкерлердің кәсіптік тәжірибесін арттыруға, жаңа дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беруде. Кеңес аясында кәсіби даму бағдарламалары, тәжірибе алмасу шаралары, біліктілік арттыру курстары және әлеуметтік жобалар іске асырылуда.

Қазіргі таңда «Мұнайтелеком» ЖШС-де 130-дан астам жас маман жұмыс істеп келеді. Шара оларға жаңа серпін беріп, болашақ мансап жолындағы мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етті. Қатысушылар тәжірибелі мамандармен қарым-қатынас орнатып, кәсіби ортада өздерін сынап, жаңа байланыстар қалыптастырды.

Жалпы, «Жас мамандар күні» шарасы жас мамандардың компаниядағы рөлін нығайтып қана қоймай, бүкіл мұнай-газ саласының болашағында олардың алар орнының маңызды екенін тағы бір мәрте айқындады.

«Мұнайтелеком» ЖШС



АЙНАЛАСЫН ГҮЛГЕ ОРАҒАН ГҮЛНАР



Гүл - сұлулықтың, әсемдіктің символы. Оның адамның көңіл күйін көтеріп, жанын емдейтін, тәнін қуаттандыратын қасиеті бар. Мерекеде сыйлық ретінде гүл алу бөлек, күнделікті жұмыс кабинетінде жайқалтып өсіріп қою бір дүние. Бөлме гүлдері

техникалардан бөлінетін сәуле мен жағымсыз көмірқышқыл газын өзіне сіңіріп, қызметкердің денсаулығына зор пайдасын тигізеді. Сәндік бағыттағы рөлі де ерекше.



«Oil Construction Company» ЖШС әлеуметтік бөлімі шаруашылық жұмыстарының меңгерушісі Гүлнар Өтемисова - кабинеттің ішін жасыл желекпен көмкеріп, әріптестерінің жанына жылулық сыйлап отырған жан. 60 шаршы шақырым жерге 40-тан аса бөлме гүлін отырғызып, оларды күтіп-баптайды. 20 жылға жуық сүйікті ісіне айналған гүл өсіруді қызметімен ұштастырған Гүлнар ханымнан кеңес алып, өсімдікке өмір сыйлаушы әріптестері көп.

«Өсімдіктердің жапырақтары зікір салып тұрады екен. Мұны бірде мұсылман дінінен дәріс беретін ұстаздан естідім. Табиғатпен үндесу, жаратушыға жақындау – адамның болмысына тән құбылыс. Үйде де, жұмыста та гүлдердің жайқалып тұрғанын жаным қалайды» дейді Гүлнар Өтемисова.

Еккен гүлдің бәрі өсіп, көз қуанышына айналады дегенді білдірмейді. Күтіп-баптаудың қырсырын білмесе, өспей қалады. Сондықтан көктем, күз мезгілінде топырағын ауыстырып, уақытылы суару керек.

«Жасыл желектің қай түрін болмасын жақсы көремін, бірақ ерекше сүйіспеншілікпен өсіретін гүлім – герань. Тұрпатына қарап қазақтар «қазтамақ» деп атап кеткен, ал ғылымдағы атауы - пеларгония. Алғаш рет өскінін дүкеннен өзім сатып әкеліп ектім. Қазір кабинетте 3-4 ыдыста жайқалып өсіп тұр. Гүлдеген кезде өте әдемі болады» дейді ол сүйсіне.

Гүлнар ханым компанияның шаруашылық жұмыстарының меңгерушісі болғандықтан көгалдандыру шараларына, ауладағы гүлдердің өсуіне, олардың күтіп-бапталуына басшылық етеді. Елімізде өтіп жатқан «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған сенбілікке белсенді қатысып жүр.

Нұр жүзді, еңбекқор жанның өзінің гүл әлемі де бар. Жолдасымен бірге бір ұл, екі қыз өсіріп, олардан немере-жиен сүйіп отырған аяулы әже.

Айналасын гүлге ораған Гүлнарға қарап, жан-жағынан сұлулық көргісі келетін адам әдемілікті өзі жасап алатындай сезімге бөленесің. Гүл бағың жайқала берсін, әріптес!

Индира Сәтенбай
«Oil Construction Company» ЖШС

БЕРЕКЕМІЗ БІРЛІКТЕ

10 қазан – Кәсіподақтар күні мерекесіне орай «Oil Services Company» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырумен «Берекеміз бірлікте» атты салтанатты шара өтті.



Кәсіподақ мүшелері мен қызметкерлердің басын қосқан бұл іс-шара еңбек адамдарының маңыздылығын айқындап, олардың еңбегін құрметтеуге бағытталды. Мереке барысында кәсіподақ ұйымдарының жұмысы туралы ақпарат беріліп, олардың еңбек құқықтарын қорғаудағы рөлі туралы айтылды.

Шараның ең маңызды бөлігі – үздік жұмысшыларды марапаттау рәсімі болды. Әр салада табысқа жеткен қызметкерлер алғыс хаттармен, құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бұл марапаттар олардың ерен еңбегін бағалап, болашақта да табысты жұмыс істеуге ынталандырды. Кәсіподақ ұйымдары жұмысшылардың құқықтарын қорғауда және олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқарады. Кәсіподақтың басты мақсаты – қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту, заңды құқықтарын қорғау және жұмысшыларға қажетті қолдау көрсету.

Мерекелік кештің көркін өнерпаздардың тамаша өнер көрсетуі ашты.

Шарада әншілер, бишілер және күйші домбырашылар өз өнерлерін ортаға салып, қонақтарды тамсандырды. Ән мен би, күй мен поэзиядан құралған бағдарлама қатысушыларға керемет әсер сыйлады. Сонымен қатар, опера өнерінің үзінділері де қонақтарға ұсынылып, классикалық өнердің құдіреті сезілді.

Жұмысшылар кеш барысында алған әсерлерін жасырмай, ұйымдастырушыларға алғыс білдірді. Әсіресе, осындай іс-шаралардың олардың ынтымақтастығын арттырып, жұмысқа деген құлшыныстарын күшейтетінін атап өтті.

Кәсіподақтар күніне орай өткізілген бұл шара жұмысшылардың еңбегін жоғары бағалаумен қатар, олардың құқықтарын қорғауда кәсіподақ ұйымдарының маңызды рөлін тағы да бір айқындады. Жұмысшылар мен ұйым мүшелері мерекелік шарадан көтеріңкі көңіл-күймен тарады.

«Oil Services Company» ЖШС



Бағыты айқын, мақсаты анық, қадамы нық – Маңғыстау технологиялық көлік басқармасына – 60 жыл!

Талай ғасыр бойы тыныштық құшағында жатқан Маңғыстау түбегі, алғашқы мұнай бұрқағы атқылағанда, таңғажайып серпіліс кезеңін өткерді. Сол сәттен бастап бұл өңірде, мұнай байлығын игеру жолында ерекше тарих жазыла бастады. Бұл ұлы іске қомақты үлес қосқан көпұлтты ұжым – Маңғыстау технологиялық көлік басқармасы, бүгінде 60 жылдық ғұмыр кешіп отыр. Елі мен жеріне адал қызмет ететін бұл мекеме Маңғыстаудың тас жолын ойып, тарихын тасқа жазғандай қашап келеді.



1961 жылы Маңғышлақ жерінде алғаш мұнай көздері ашылған шақта, «Қазақстан мұнайы» бірлестігінің құрамы шағын автоколонналармен толықты. Сол шағын колонналар қазіргі Маңғыстау технологиялық көлік басқармасының түп қазығын қалады. Уақыт өте келе өндірістің өсуі, жүк тасымалының артуы осы қарапайым көлік мекемесін тәуелсіз ірі құрылымға айналдырды. 1964 жылы жазда «Маңғышлакнефть» бірлестігі Автокөлік конторасының құрылуы туралы шешім қабылдап, Маңғыстаудың жол таспасын күретамыр етіп төсеудің негізін қалады.



бұрғылау мұнарасы, құрал саймандар Баутино порты арқылы жетіп, уақытша база ретінде Форт-Шевченко қаласындағы Шоқаев Дінзақтың кең ауласы қызмет көрсетті. Кейін жаңадан құрылған кеңсе үшін өндірістік - техникалық базасы бар 125 түрлі техника бөлінді. Осы күннен бастап СУ - 900 кентінде, ал облыс орталығының 22 шағын ауданында жеңіл автомобильдерге арналған, яғни жолаушыларды тасымалдайтын, автобустарға арналған гараж құрылысы басталды.



Осылайша, қазіргі Маңғыстау технологиялық көлік басқармасының алғашқы тәуелсіз қадамдары басталды, ал екі жылдан кейін кеңсе балансында 326 бірлік техника болды. Жаңа техника ағыны кейінгі жылдары да ұлғайды, ал 1967 жылы №3 авто-

колонна негізінде Өзен, 1973 жылы Жетібай технологиялық көлік басқармасы, 1979 жылы Бозашы технологиялық көлік басқармасы құрылды. Бұдан әрі 1995 жылы "Маңғыстау-мұнайгаз" акционерлік қоғамынан сол кезде 7 автоколоннадан тұратын Маңғыстау технологиялық көлік басқармасы бөлініп шықты, ал 2012 жылы "ОТК" ЖШС ЖТКБ және МТКБ біріктіріліп - Маңғыстау технологиялық көлік басқармасы болды.

Автокөліктердің алғашқы күндерден алдына қойылған негізгі міндет мұнайшылардың, бұрғылаушылардың, монтажшылардың, құрылысшылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру болды. 2002 жылы 4 мекеме біріктіріліп, өңіріміздегі ең ірі көлік мекемесі «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС құрылды. Мұнай саласында қызмет атқаратын ұйымдардың қызметкерлерін кен орындарға жеткізумен шұғылданатын «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС Маңғыстау технологиялық көлік басқармасына биыл 60 жыл толып отыр.

Маңғыстау технологиялық көлік басқармасының тарихы – бұл өз жұмысының аса жауапкершілігін сезіне білетін басшылардың, жүргізушілердің, слесарь мамандарының үлкен ұжымның тарихы. Маңғыстау өңірінде Қаламқас, Жетібай және т.б. кен орындарына жолаушыларды тасымалдайтын сенімді әрі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ең ірі кәсіпорын болып табылады.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



ҚАЛАМҚАСТАҒЫ ТАРТЫСТЫ ТУРНИР

Ағымдағы жылдың 29-30 қазан аралығында Қаламқас кен орнының 45 жылдық мерекесіне орай шағын футболдан ұйымдастырылған

турнир мұнайшылар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Жарысқа өңіріміздегі мұнай саласының жетекші кәсіпорындарынан сегіз команда қатысты.



Ойын барысында командалар арасында бәсеке жоғары болды. Әр команда өздерінің шеберлігін көрсете отырып, тактикалық шешімдермен қарсыластарын таң қалдырды. Жанкүйерлер әрбір матчта қызықты сәттер мен тартысты ойындарға күй болды.

Турнир нәтижесі бойынша үздік командалар анықталды. «Қаражан-басмұнай» АҚ бірінші орынға ие болып, жарыс барысында өздерінің шеберліктерін тағы бір рет дәлелдеді. Екінші орынды «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ жеңіп алып, командалық жұмысымен жұртшылықты тәнті етті. Үшінші орынды «Жетібаймұнайгаз» ӨБ иеленіп, үздік тактика мен шеберліктің арқасында жоғары нәтижелерге жетті.

Жарыс барысында жекелеген ойыншылар да ерекше көзге түсті. «Үздік ойыншы» болып «Қаламқас-мұнайгаз» командасының ойыншысы Нұржан Сарбасов танылды. «Үздік сұр мерген» атағы «ҚБМ» командасынан Изтаев Мақсатқа берілді. Ол көптеген гол соғып, командалық көрсеткіштерді жақсартты. Ал, «ҚБМ» командасының қақпашысы Бауыржан Нұғманов «Үздік қақпашы» ретінде мықты қорғанысымен көзге түсті. «Үздік шабуылшы» атағы «Жетібаймұнайгаз» командасынан Бекмурзин Болатқа бұйырды. Ол ойын барысында тиімді шабуылдар жасап, қарсыластарын сан соқтырды. «Үздік қорғаушы» болып «ҚБМ» командасынан



Ермұхамбет Балғабаев танылды.

Бұл турнир ардагер мұнайшылардың ынтымақтастығын, тәжірибесін және спортқа деген сүйіспеншілігін тағы да дәлелдеді. Мұнайшылар

қауымы үшін мұндай шаралардың маңызы зор, өйткені олар бірлікті нығайтып, достық қарым-қатынасты арттыруға ықпал етеді.



«MUNAILY MARATHON» - 2024

«Munaily Marathon» шарасына еліміздің тоғыз өңірінен 1000-нан астам қатысушы жиналды. Олардың ішінде «Самұрық-Қазына», «ҚазМұнайГаз» және оның еншілес компанияларының қызметкерлері, кәсіби спортшылар мен Маңғыстау өңірінің тұрғындары бар.

Қатысушылар 5 және 10 км қашықтықты еңсерді. Қайырымдылық марафоны еліміздің тарихындағы маңызды меже — Қазақстан мұнайының 125 жылдығына арналған.

Барлық жиналған қаражат Түпқараған және Қарақия аудандары мен Жаңаөзен қаласындағы үш тірек мектептің спорт залдарын қосымша жарақтандыруға жұмсалады. Бұл балалардың физикалық дамуына жағдай жасауға және жас ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшысы Асхат Хасенов қайырымдылық марафонның барлық қатысушыларына алғысын білдіріп, «Munaily Marathon» спортты

насихаттаумен бірге, қайырымдылық және қоғамдық жобаларды қолдау арқылы игі іске әрбір адамның өз үлесін қосуына мүмкіндік беретінін атап өтті.

«ҚазМұнайГаз» бұқаралық спортты қолдап, қайырымдылық бастамаларға үнемі қатысып келеді.

Сонымен қатар Ұлттық компания өз кәсіпорындары орналасқан өңірлерде әлеуметтік жобаларды белсенді түрде іске асыруда.



	<p>МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ</p> <p>Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ</p> <p>Редактор: Есназар Сұлтанов</p> <p>Редакция алқасы: - С. Галидуллин - Л. Жолдыбаева</p> <p>Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев</p>	<p>Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 211-861 211-885, 212-194</p> <p>Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады</p>	<p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген</p>	<ul style="list-style-type: none"> Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды 	<p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.</p> <p>Индексі: 64265</p>	<p>«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.</p> <p>Ақтау қаласы, «Дукат» ТҮ, 17 ш.а., 1 үй, 3 кеңсе</p> <p>тел: 8(7292)525 500</p>
--	---	---	--	---	--	--